

# АНАТПОД

Анасторий  
Таңбай

1990 жылдың  
наурызбың 22-сінен  
бастап шығады

## **Мансапқа емес, ұлт мақсатына қызмет еткен**



Қазақтың терең тамырынан көктеп шыққанда үстемнің үскірігі үсікке ұрындырмақ болғанда – бойдағы қызу қан күш бермей, тек әлсіреп барып қайта түлеген – Жүргеновтен кейінгі толқында да ұлт үрпақтары болған. Олар арыстар арасындағы сабақтастықты үзбей, алға жалғаған ардақтыларымыз еді.. Солардың бірі – ұлт жұмысын: «Жұрт ісін тұс көрмей, ояу жүріп іздеу мақсат» (Ә.Бекейханов) деп ұққан,  
Сіңірсем деймін еліме,  
Маңдайдың терін ағызып,  
Жасасам деймін еліме,  
Жанымның отын тамызық (Сырбай Мәуленов), – деген қағиданы ту етіп көтерген, айтулы саңлақ сардар Ілияс Омаров еді.  
Отызыншы жылдардың ойраны жақсыларымыздан көз жаздырғанмен, олардың үкілеген ұлттық идеясын – жанын шүберекке түйіп жалғағандар аз болған жоқ. Орта Азия жоспарлау және экономикалық сауда тауар ісі институтын (Ташкент, 1933 жыл) бітірген I.Омаров елдегі сауда мекемелерінде қызмет ете жүріп, мамандығы басқа болса да халықтық істен сырт кетпейді.  
Қазақ КСР Сауда халық комиссариатының орынбасары, комиссары, партия органдарында қызмет істеп жүргенде де әдебиет майданына ынта білдіріп, сол тұстағы қазақ қаламгерлерінің шығармалары туралы

терең талдаулар жасайды. Мәселен, «Абай және қазақ әдебиеті» (1945), «Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын» (1949), «Өскен әдебиетке үлкен сын керек» (1950) деп жар салыпты. Темірбек Жүргенов секілді Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы кезінде, 1949 жылы Мәскеуде болған қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне жетекшілік жасайды. 1943 жылы ел қолына тиген «Қазақ КСР-інің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты іргелі еңбекке де үлес қосып, оның екінші басылымына (1949) академик А.Панкратовамен қатар – жауапты редактор болады. Кейін бұл кітап сынға ұшырағанда, талайдың басына әңгір таяқ ойнағанда, қазақ тарихына, қазақ ғылымына жанашыр, арашашы айтұлы ғалым Анна Михайловна Панкратова Ілияс Омаровқа хат жазып (27.10.1949): «Бірқатар тарихшылар арасында тарихи ақиқатқа қарамастан, қазақ халқының тарихын сүмірейтіп көрсетуге тырысушылық бар. Осыған үқсас тарихи жағдайда бой көрсеткен грузин патшасы немесе өзбек ханы неліктен озық ойлы қайраткер саналып, ал қазақтар Абылайды, Кенесары Қасымовты қаралауға тиістігін мен мұлде түсінбеймін. Мен қазақ тарихының осы аса көрнекті тұлғаларына баға беруде ешқандай жағдайда да тарихи шындыққа кереғар жолға түсе алмаймын...», – деп қатты күйінген екен.

Бұған қоса, ұлт зияллысы 1943 жылдың желтоқсан айында үлкен ақындар айтысын өткізуге үйітқы болады. Қазақ қыздарының жоғары білім алып, биіктен көрінуі үшін жағдай жасау ниетінде Қыздар педагогикалық институтының, ұлт өнерінің өркендеу жолында мықты кадрдың рөлі бөлек екенін ерте сезініп Құрманғазы атындағы консерваторияның шаңырақ көтеруіне атсалысады. Шоқан, Ұбырай, Абай мұрасына терендей барып, көрнекті ғалым Е.Бекмахановтың қазақ тарихы жөніндегі айтқан ақиқатына ден қойып, әлі де жетілдіре түсу керектігін, бұлар қазақтың тұлғалары деп Кенесары, Наурызбай, басқа да ұлтқа мақтан болар айтұлыларды ақтап алуды тапсырып, Қ.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі ізденістеріне оң қабақ танытады. Осының өзінен-ақ Ілекеңнің танымы бөлектігін, ұлттың ертең мақтанышына айналатын жақсыларын бағалаудағы батыл қадамы, зейіні зерек екенін мойында масқа шараңыз қайсы?!

Сауаты «шамалы» бұратана жүрттап ондай жұтынып түрған ұлдардың бозторғайдай шырылдан шырқаудан шығуы мүмкін бе деп, күдік итті үргізген, ішіне пышақ айналмайтындар Ілияс Омаровты тәубесінен түсіру жолында науқан бастап, «буржуазияшыл ұлтшылдардың Кенесарыны ақтап, мақтауына жол берді» деп Қазақстан КП ОК-ның идеология хатшысы қызметінен қуып, Бекмахановпен бірге итжеккенге айдал, көзін мұлде құртуды ойластырады. Бірақ жанашыр жақсы адамдар табылып, оның ісі бұлтарысы жоқ адал екені анықталып, мына науқан қысастықтан жасалып отырған қараулық деп, КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді.

Ілияс Омаровтың жан-жақты қызметіне тереңнен қарап, ұлтты ұлына қарап тануға болатынын – қазақ өнеріне қайырымды еңбек сіңірген Наталья Сац «Өмірімнің новеллалары» атты кітабында әдемі көрсеткен. «Ілияс Омаров екеуміз 15 минут әңгімелестік, осыдан кейін күллі қазақ жүртyn жақсы көріп кеттім. Не деген мәдениет, не деген әңгімелесушіге деген сыйластық, қандай сенім!» – деген екен.

Ал оның ер құнын да, сөз құнын да терең түсінетінін: «Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындалуының арасында шалғайлышы да жоқ, шалағайлышы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине. Ондай азамат айтқанын орындармай құтылар бойтаса іздемейді, уәдесін парыз-қарызызыз орындалып тынады. Ешкімнен алғыс та күтпейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындай азамат еді... Есейе келе екі рет министр, екі рет облыстық, бір рет республика партия комитетінің секретары болды. Бірақ, ол отырған орнына қарай үлкен де, кіші де көрінген емес», – деп азаматтың ажарын сөз зергері Габит Мұсірепов тап басып айтыпты.

Осы байламға терең үңілер болсаң, арысымыз үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес деген ұлы ұғым менмұндалап тұрғаны анық. Шынында, ұлтқа қызмет еткен адам қай дәуірде де осылай болса керек. Кеудесі көрік, бірде менмен, бірде тұлқідей аунап түсуге дайын тұратын табанының бүрі жоқтар ондай жақсы кісінің жанында арқан есе алмайтыны белгілі.

Мәртебелі қызметке мастанбай, ұлттық іске жасқанбай кіріскен I.Омаров заманының жайлы бола қоймағанын алда елестеттік. Бірақ заманы ауыр болса да, Жүргеновтің ұзілген жолын жалғауға, ісін ілгері апаруға бел байлағандықтан, халықтық істі атқару жолында қайыспапты, майыспапты, қаймықпапты. Мұны тарих беттерін параптасаңыз көзіңіз жетіп, ұлт ұлының тірлік тынысына марқаясыз. Үш арысты қамтыған бұл мақалалар желісінің негізгі айтпағы – олар заманға күйлемеген, заман балшық етіп илемеген, ұлы ұғымдар жалғасын тауып жатқанын аңғарту еді. Олардың бірін бірі толықтырып отырғанына бір мысал келтірелік: «Аса дарынды мемлекет қайраткері» деген мақаласында өрен жүйрік Өзбекәлі Жәнібеков алдындағы ардақты екі ағасы туралы тағылымды әңгіме қозғайды. «Ілияс Омаров көне көз қариялар айта беретін «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда ғана боларсың елге нұсқа» дейтін ата сөзін ту етіп, уақыты тар болса да арманы алыс, мақсаты асқақ өнегелі өмір кешкен мемлекет қайраткері, дарынды қоғамтанушы, әдебиет, өнер зерттеушісі, қай-қайсысымызға болса да ақылшы аға, жақын дос, жеке басын зорға балар қамқоршы еді» дейді де сол қазақ өнерінің Қанабек Байсейітовінен естіген төмендегі оқиғаны тілге тиек етіп, Темірбек пен Ілиястың өнегелі істерін ұлгі етеді.

Оқып көрелік: «Бір кеште сол Қанабек Байсейітовтен Ілияс Омаров жөнінде мынандай бір әңгіме естіген едім. Ілекең министр болып

тағайындалған соң, Қанабек Байсейітов бір мәселемен министрлікке барғанда, министрдің қабылдау бөлмесінде ілулі тұрған Темірбек Жүргеновтің суретіне көзі түсіп: «Ілеке, мынаны қалай түсінуге болады?» деген еken. Сонда Ілияс Омаров: «Е, Қанеке! Менің министр, сіздің халық әртісі болып жүргенің осы кісінің арқасы. Темірбек Жүргеновтен кейін біздің қазақ өнеріне қосқанымыз шамалы», – депті. «...Кейін Ілияс дүние салып, оның орнына басқа адам тағайындалғаннан кейін бірде министрлікке барғанымда Темірбектің суретінің орнына натюроморт ілулі тұрғанын көріп, төбемнен тоқпақпен ұрып, жерге кіргізіп жібергендей болдым», деп Қанекең көзіне жас алды», – дейді. Қазақстан комсомолын басқарып жүргенде Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің бірінші орынбасары қызметінде отырған Ілияс Омаровқа барып, ауылдарға клуб салу мәселесін қозғапты. Сонда Ілекең клубтың болатынын айтып, өз тілегін алға тартады. Ондағысы қазақ әдебиетіне Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев бастаған талантты ақындар, Сәкен Жұнісов секілді дарынды қаламгерлер келгенін меңзеп: «...мен бірдене түсінетін болсам, болашақта әдебиеттің құлағын осылар ұстайтын болады. Менің жағдайымда әдебиет мәселесіне араласа бергенімді біреу түсінсе, біреу түсіне бермейді. Сен осыларға қамқоршы болсаң орынды болар еді», – депті.

Өзекең аға тілегіне адалдық танытыпты. Қазір қазақ әдебиетін аттары аталған ақындар мен жазушысыз елестету әсте мүмкін емес.

1962 жылдың 29 желтоқсанында ҚазМҮУ-да Мұхтар Әуезовті еске алу кешінде Ілекең қырық ұш минут қағазға қарамай сөйлегенін, өнер мен әдебиетті таратат айтқанын еске түсіре келіп: «...халық педагогикасы дегенді сол кеште мен бірінші рет осындай дуалы ауыздан естіп, қайран қалғаным бар», – дейді Өзағаң.

Ақын Сырбай Мәуленов Т.Жароковтың «Жаһанды орман жаңғыртты», Н.Ахметбековтың «Амангелді» дастандарын, Ә.Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» романын Ілекенің ақылымен жазғанын,

Ез тірліктен ер өлім,

Артық еken деп едім.

Шіркін, тірлік жақсы ғой,

Түсірмесең беделін, – деп өлең өрнектеген, арды қашанда биік ұстаған Қасым Аманжоловтың Алматыдан пәтер алуын сыр етіп шертеді.

Қасым заман шенеунігінің алдына кіргенде өлеңін: «Омарұлы Ілияс сіз екенсіз» деп бастап, бұрын танымайтынын, бірақ сырттан атына қанық екенін,

«Ел таниды өзінің азаматын,

«Азамат» деп ел Сізге ат қойыпты», – дейді де сөз саудасынан аулақ екенін:

«Жаман, жақсы болсам да ел ұлымын,

Елім деген ер болса – серігімін!», –

деген ақын сөзі басынан асып, жетесіне жетіп бара жатқанда шыдамай,

Алматы қалалық кеңесінің төрағасы Ғафиз Айбасовқа телефон соғып: «Ғафиз, саған Аманжоловтың пәтері туралы телефон соғып едім ғой. Бір аптаның ішінде ақынға үй беретін бол. Сен екеуміз осылардың тілегін орындау үшін уақытша отырған адамдармыз, бұлар мәңгілік қалады», – депті. Түйсігі бар азаматтың мына сөздері оңайда иліге қоймайтын арқалы ақынның көзіне жас үйіріпти.

I.Омаровтың да алдындағы алыптарды бағалау үлгісін осы арада айта кетсек дейміз. 1968 жылы қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында F.Мұсірепов пен Е.Брусиловскийдің «Қызы Жібек» операсының 1000-шы қойылымындағы сөйлеген сөзінде қазақтың тұңғыш операсы жайлы айта келіп, «Қызы Жібек» рөлін алғаш орындаған халқымыздың сүйікті әншісі Күләш Байсейітова бастаған әншілер қауымына алғыс дейміз. Дәл қазір арамызда жоқ аяулы Күләш Байсейтіованы, Манаrbек Ержановты, Жұмат Шанинді, балетмейстер Александровты, атақты нарком Т.Жүргеновті еске алуды борышымыз деп санаймыз», – дей келіп, олардың рухына басын иіпті.

Жақсылардың ақыл парасаты қашанда биік болған. Өзім білем деп ақиқатты аттамаған, бәрі маған тиесілі демеген. Бұған да дәлел келтірелік. Белгілі экономист Мәжікен Бутин Ілекеңнің Мәскеуде сырқаттанып жатқан М.Әуезовтің көңілін сұрай барып, әңгімелескенін еске түсіріп, ұлы қаламгердің қазақ футболының қимылына көңілі толмай: «Бәлі, борсаландал жүгіре алмайды екен өздері», – деген ренішпен ойға алып, Бразилия футболшысы – Пеле, дүниежүзі футбол өнері жөнінде айтқан әңгімеден сауаты ашылғанын мойындал, «Мен Мұхтардай данышпан емеспін ғой», – деп Галина Уланова ойнаған «Аққу көлі» балетіне он жеті рет барғанын тілге тиек етеді. Ілекеңнің бойындағы асыл қасиеттерге, адами болмысына қанықтығын, көрсеқызыарлық пен екіжүзділіктен аулақ жүретінін, сабырлы, өз салмағын жақсы билетінін өзге ұлт жазушы Юрий Казаков та ерекше атап өтеді. Екінші рет Мәдениет министрі болғанда ол: «... Күллі қазақ мәдениетін құттықтағым келеді. Өйткені кез келген мәдениет министрлігі өз мәдениет министрімен мақтана алмайды ғой, қазақ достарым үшін өте қуаныштымын тіпті, қазақ болып тумағаным үшін өкініп қалдым» депті.

Бұл ұлтқа, ұлт ұлына ұлken баға екені анық. Кім көрінгенге жалпылдан бас ие қоймайтын, әділдігімен айбыны асқан Бауыржан Момышұлының өзі: «Ілияс – нағыз ақылды адам, жаңашылдықтың нақ өзі», деуі де тегін болмаса керек. Тектілер бірін бірі көш жерден түсінген ғой.

Есеп-қисаптан гөрі жан-дүниесі рухани салаға жақын екенін ежелден билетін қазақтың абзал азаматы Дінмұхамед Қонаев сырқатынан сақайған бір тұста Ілекеңді Мәдениет министрі қызметіне екінші рет тағайындалты. Сол кезде ұлт жанашыры «Гүлдер» ансамблі мен «Қызы Жібек» фильміне, Қазақ циркіне көп көңіл бөліпти. А.Ясауи кесенесін, Айша бибі мазарын, Отырар мұраларын, көне жәдігерлерді бұлдіре

бермей, сақтауды қатаң тапсырыпты. Тіпті, сол кездегі Қазақстан Компартия-сы орталық комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовке қазақ топырағындағы тарихи орындардың қараусыз жатқанын, көне қалалардағы тарихи ғимараттарды қорғау мәселесін қозғап, оны жүрт баратын қасиетті жерге айналдыруды, бүгінгі тілмен айтсақ, туризмді дамытуды айтып, ұсныс білдірген екен.

Сонымен қатар М.Бутинмен бір әңгіме үстінде: «Шет жүрт сынай қарауы мүмкін. Сол себепті СССР тарихы мен Қазақ ССР тарихын жатқа біл.

География, этнография, демографияны зертте. Әсіресе соңғысына, яғни халықтың өсіп өркендеуі туралы ғылым – демографияны біл», – деген сөзді әр қазақ азаматына, оның ішінде жастарға жеткізіп отыруды айтып кетіпті. Иә, демография мәселесі қазір де күн тәртібінде тұр.

Алда біз Ілияс Омаров туралы біраз ойды ортаға салдық. Ал оның артында қалған қазына сан салалы. Соның қатарында «Әдебиет туралы ойлар» (1962), «Оқушы көзімен» (1967), «Серпін» (1970), «Шабыт шалқары» (1973), «Өмір және өнер» (2012), т.б. кітаптары жарық көріп, толқын-толқын үрпақ онымен танысып келеді.

Биік дәрежелі қызметтерде жүрсе де өнер мен әдебиет, жеке шығармашылық адамдарының туындылары туралы ой-толғамдарын оқып отырғанда, оның жан-жақты білімдар екеніне көз жеткізесің. Жол жазбалары, танымдық мақалалары, өлеңдері, хаттары – қай-қайсысы да Алаш арысының зерделігін танытады. Мұны қазақ қаламгерлерінің бүгінгіabyзы Ә.Нұрпейісовтің: «Темірбек Жүргеновті туған халықтың тас құрсағы бір кезде қайта жібіп, дүниеге енді I.Омаров келіп, ұзақ жыл бос тұрған Жүргеновтің креслосына отырды. Ілияс Омаров та өзінің алдындағы Темірбек Жүргенов сияқты – Өнерді – Өмірге, Өмірді – Өнерге балаған біздің халық үшін қарын тойдыру мақсат болса болар, бірақ мұрат емес, нағыз мұрат – Өнердің Өркенін Өсіріп, көсегесін көгерту деп білді», – деген екен. Осының өзінен-ақ дара тұлғаның даналығы көрініп тұр.

Ілекен мақалаларында қазақ күйлерінің мұртын бұзбай бүгінгі күнге жеткізген ұлт жадына сүйсініп: Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Ықылас мұраларына ерекше назар аударады.

«Айастанның алтын айдары» деген мақаласында Арменияның рухани құндылықтарына үңіліп, атақты суретші Мартирос Сарьян туралы «... бұл кісінің салған суреттерін ұфу үшін Армения табиғатын көрмей болмайды. Мен армян пейзажынан Сарьяның суреттерін, Сарьяның суреттерінен армян пейзажын көремін», – деп қарт өнер иесінің: «Сіздердің далаларыңыз кең ғой, шіркін! Бір барып көргім келеді», – деген аңсарын әдемі жеткізеді.

Халықтың бай тілін қазақ драматургтерінің қаланың «қарабайыр тіліне» біржола көшіріп алғанына өкініш білдіріп: «....адамдардың қай заман болмасын, жұтаң сөйлеуі, жүдеу сөйлеуі ақылға сыймайтын құбылыс қой. Осы ғасыр қазақтары өткен ғасыр қазақтарынан гөрі

өзгешерек сөйлейтін болса, ол өзгешелекті – біздің тұсымызыдағы қазақтардың байырғы ана тілін қалай жүдеткенінен емес, қалай байытқанынан, оның күйі мен сазына, бояу әлеміне, өткірлігіне қосқан соны сипаттарынан іздеу қажет емес пе? Біздің драмалық шығармаларымыздың тілінен ондай терең ізденісті емес, көшө сөзінің көзсіз көшірмесін көп көреміз», – деуі қазіргі күннің мәселесін еске салады. Бұл құрделі жай – «Өнер мұраты биік болмақ» деген мақаласына өзек болыпты.

Бұған қоса Бальзактың «Шегрен былғары» романындағы құлан оқиғасы мен қазақтың «Ақсақ құлан» күйін салыстырып, халықтық ұфым енді ұлттық ұфымға айналғанын әдемі жеткізеді. Осы үрдіс Сәкен Сейфуллиннің «Бурабай» поэмасында да бар екенін атайды.

Ақын Ғафу Қайырбековтің «Ғабит Мұсірепов айтты» деген естелігінде уызға жарыған адам білімді болады екен деген ұфым бар. Ұлы Габен соны Ілияс Омаров туралы әңгіме қозғалғанда: «Сен жұмыртқаны білесің ғой, соның ішіндегі сары уызды білесің. Халықтың өзі бір тұқым болса, соның да уызы болады, ол тұрғанда ештеңе құрымақ емес. Ол уызды аз ғана адамдар құрайды, оны тірі пендеге білдірмейді, оны құдайдан басқа ешкім білетін нәрсе емес. Олар енді ру, туыс, ауыл дегенді білмейді, тек ұлтты ғана біледі, есінде болсын, бұл өзін өзі сақтаудың ең жоғары түріне жатады, олардың түпкілікті тізімі, не есімі болмайды. Бірі өлсе, бірі алмасып жатады», – деген екен асыл азамат.

Шынында, қазақ ұлтының сол уызы – Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков емес деп кім айта алады?

Қазақ операларында қолданған халықтық туындыларды айтқанда: «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» «Жалбыр», өзге де еңбектерді мысалға келтіріп, мұндай үрдісті өзге жүрттардың композиторлары да пайдаланғанынан мысалдар келтіреді. «Атақты композитор Николай Мясковскийдің «Он төртінші симфониясының» екінші бөліміне негіз болып қазақтың «Кемпір мен шал» атты күйі алынған. Сол сияқты М.Я.Мясковскийдің «Он алтыншы симфониясынан» да біз қазақ күйлерінің ең бір әдемі сарындарын ұғып отырамыз. Бұл шығармаға желі болған «Шолақ» деген күйді білетін қазақ кем шығар деп ойлаймын», деген ұлт зиялдысы М.Горькийдің А.Затаевичке жазған хатынан: «Қазір менің алдында қазақ-қырғыздың мың өлеңнен құрастырылған жинағы жатыр. Бәрі де нотаға түсіріліпті. Әуендерін байқап қарасам, адам жанын тебіренткендей, болашақ Моцарттарға, Бетховендерге, Шопендерге, Мусорскийлерге және Григоргерге таптырмайтын бай қазына екен», деген сөзін келтіріп, қазақ әуенінің қадіріне жету мәселесін қозғайды. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мұсірепов, Ш.Айтматов, Ж.Молдағалиев, Ә.Әлімжанов, орыс қаламгерлері Л.Леонов, А.Фадеев, М.Шолохов, т.б. том-том романдарына талдау жасап, өз пайымын айтады.

Өз өлеңдері де өрнекті. Хаттарындағы ізет пен инабат иірімдері мол

тағым береді. Кісі сыйлаудың үлгісін көрсетеді. Жазушы інісі Жайсаңбек Молдағалиевке көп сенім артып, әл үстінде жатқанда қолжазбаларын реттеп қоюды тапсырып: «...ендігі Омаров сол қағаздарда. Сол Омаровтың болашағына тілектес болындар», – депті. «Сіз ел ағасыз, дұшпаныңыз болған шығар?» деген қаламгер інісіне: «Менің дұшпандарым – жіберген қателерім, қатемді түзеу дұшпанымды мұқатуым секілді сезім береді», – деген екен. Тұлғаның ірілігі осыдан артық бола қойылmas-ay!

Бір құрдасы Бауыржан Момышұлының ара-тұра бет қаратпай, қатты кететінін айтып, досыңа қой деп қойсаңшы дегендеге: «Осы мінезі жойылған күні – сендерге Бауыржан да жоқ», – депті.

«Қадірліміздің бірі еді-ау» – деген мақаласында білімдар сыншы Сағат Эшімбаев орталық архивте Ілияс Омаровтың қызықты да мазмұнды көңіл күнделіктегі, естелік жазбалары жатқанын айтып, I том – 205, II том – 163, III том – 209, IV том – 184, V том – 145, VI том – 166 бет екенін жеткізіп, оны кітап етіп шығаратын болсақ, қол-аяғы жерге тимей өтіп кететініне сенім білдіріпті.

Ендігі сөз, осы алты томды халық игілігіне айналдыру жолын ойластыру да болып тұрған секілді.

Ілияс Омаровтың өзіне ғана тән болмысы туралы, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Алматыдағы М.Әуезовтің музей үйінде өткен бір сабакта ұлы Мұсірепов ұлт тектісінің ұлттық салттан ауытқымай өткенін, алып тынар сырқат әбден діңкелеткенде бұрын аузына алмаған, бір бөтелке конъякты алдырып, бір стаканын ішуге бекінгенін, бірақ ол да жүре қоймағанын, көңілін сұрай барған Ғабең қызылқоңыр бөтелкені көріп, таңғалып тұрғанын сезген Ілекең:

«Е, Ғабит-ай, бұл да өтпеді!...» дегенін айтқан еді. Осыны қаламгер қабырғасы қайысып тұрып айтып, Ілекеңнің азаматтығын бабына келтіріп баяндаған болатын.

Ғабеңнің: «Тұысқандықты тұысқандарымның арасынан іздеген жан емес едім... кім үндес болса, соны тұысқан, соны дос көруші едім», – деп еді аяулы Ілекең. Иә, табиғаты таза Ілиястың осы сөзі сөз еді», – дегені есте.

Біз Ғабит Мұсіреповтің 1985 жылды: «...әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы бол есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек...қасиетті елім, жерім...», – деп соңғы сапарға бет бүрғанда соңғы хатын жазып, аттанғанын білетін едік. 1970 жылды 16 шілдеде асыл азамат қоштасу хатын жазып, екі күннен кейін өмірден озыпты. Сол хатында қара бастың қамы, мұң-мұқтажы емес, халық мұрасының жайын айтты. «Халім ауыр. Ажалмен бір адамдай-ақ алысып ем, ол енді жеңіп барады. Қол жетер жерде менің кішкене сағатым жатыр. Адам өміріндегі аяулы уақыттың адал

таразысы – осы сағат қой», – деп туған халқының алдында орындағ  
алмай бара жатқан жұмысы – ғасырдан-ғасырға жалғасқан ұлттық мұра  
екенін қыла айтып: «Халық мұрасы дегенім – әсіресе, сан дәуір,  
замандар көшінде өзінің қайталанбас, тозбас, өшпес қасиетімен бізге  
дейін жасап келген ән, күй, музыка мұрасы, дастандар, жырлар түйдегі.  
Бұлар – менің көзіме де, көңіл сарайыма да халқымның аса мықты  
тұлғасы, сын, сипаты болып елестейді», – деп халық мұрасын тұлғаға  
теңейді.

Біз осы күндері сол тұлғаны жеке адамдардың «қанжығасына» байлад  
журміз.

Хаттың тағы бір жерінде «...ойлаңыздаршы, біздің осы қазынамызды  
дүние көлемінде қай өнерпаз халықпен болса да жарыстыра, жарқырата  
көрсетсек, біздің бай тарихымыз, арғы-бергі өтіп келген жолымыз аян  
да анық болмас па еді?.. Менің арманым, парызым дегенім осы жұмысқа  
өз хәлімше кірісе бастау, бастап берушілердің бірі болу еді. Оған  
қарайлауға болмай барады», – деп үкілеген үмітін жастарға жүктейді.

«Келешек – жастардікі ғой. Әңгіме сол жастарға бар қазынаның қадірін  
жеткізіп, ел алдындағы борышқа баулып өсіруде. Ішкенге мәз, жегенге  
тоқ ұрпақ болмасын! Ұрпақ та, оның талантты өкілдері де үзілген емес...  
Соларды кезінде танып, қамқор болып әкедей жан ықылас арнап,  
баулып отыруда....Ғазиз бауырларым...Қош қимасым, қызғышымдай  
болған есіл ел, еркін тірлік, рахат еңбек, аяулы азаматтар!..» – деп нүкте  
қойыпты.

Арыстардың өмірі онша ұзақ болмаған ғой. Ермұхан Бекмаханов та  
сырлас ағасы Бауыржан Момышұлы көңілін сұрай барғанда «Улгерे  
алмай кетіп барамын, кешіріңіз!» – депті қыылып.

Ол өмірден өткенде хас батыр «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп  
боздар сорлы қазақ мен өлгенде, – деп, – Әрқашан да есімдесің,  
бауырым! Жылаушы Бауыржан Момышұлы 7.5.1966. Алматы», – деген  
сөзі ойға оралады. «Қыранды қыран қиядан көреді» деген осы шығар.  
Ермұхан – 51 жасында, Ілияс – 58 жасында бақылық болыпты. Өткінші  
өмір деген осы.

Иә, мансапқа емес, ұлт мақсатына қызмет еткен нағыз азамат осылай  
демей не десін?! Мұндай ұлы сөздерді ұлы ұрпақ қана айтса керек. Оған  
адалдық, ардан аттамайтын кіршіксіз тазалық, бастау суындаі мөлдір  
тірлік керек екені әлімсақтан белгілі. Сол бабалар ұлгісінен таймай,  
танбай кеткен арыс ұл – Ілияс Омаров. Біз оның алда айтқан еңбектерін  
оқтын-оқтын еске алып, толқын-толқын ұрпаққа жеткізіп отырмасақ,  
ұмытылып қалуы да ғажап емес. Өйткені басқыншы жаһандану өзінен  
гөрі өзгені танып білуге қаусырып бара жатыр. Сол қаусырудан  
құтқаратын Ілекендей жақсының ұлгісі, ұлттық мұрасы деп білеміз.

**Сүлеймен Мәмет**